

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының жерлерін босалқы жер құрамына ауыстырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 11 сәуірдегі № 258 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 137 және 143-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының жалпы ауданы 832,9 мың гектар жерлері кейіннен ядролық қауіпсіздік аймағының жеріне ауыстыру мақсатында осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қарағанды, Павлодар және Абай облыстарының босалқы жерінің құрамына ауыстырылсын.

2. Павлодар және Абай облыстарының әкімдіктері осы қаулының 1-тармағынан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жерлерді қоспағанда, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының бұған дейін "Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының жерін запастағы жер қорының құрамына беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 ақпандағы № 172 қаулысына сәйкес босалқы жер құрамына ауыстырылған жалпы ауданы 1816,6 мың гектар жерлер Қарағанды, Павлодар және Абай облыстары әкімдіктерінің қарамағында болады деп белгіленсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 11 сәуірдегі
№ 258 қаулысына
қосымша

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының кейіннен ядролық қауіпсіздік аймағының жерлеріне ауыстыру мақсатында босалқы жер құрамына ауыстырылатын жерлері

Өңір атауы	Босалқы жер құрамына ауыстырылатын жер учаскелерінің ауданы, мың гектар				
	Жалпы ауданы	оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптары			
		егістік	жайылым	шабындық	басқа алқаптар
1	2	3	4	5	6
Қарағанды облысы					
Қарқаралы ауданы	41,6	-	38,66	-	2,94
Павлодар облысы					
Май ауданы	285,9	-	280,1	-	5,8
Абай облысы					

Жаңасемей ауданы	505,4	-	328,7	-	176,7
Барлығы	832,9	-	647,46	-	185,44

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК